

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 78 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 02.01.2023 № 78 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 16-бабына сәйкес қаулы етемін:

1.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 1997.04.01.N 3436 жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын тұрғын үймен, көлікпен және өзге де қамтамасыз ету, оған медициналық қызмет көрсету және санаторлық-курорттық емдеу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары деңгейінде, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшелеріне - Қазақстан Республикасының министрі деңгейінде жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың шегінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен оның Аппаратын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырсын ;

2) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен оның Аппаратын қызмет үй-жайымен, тиісті жабдықпен, техникамен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті